

БЕКІТІЛДІ  
«№ 6 ЖББМ» КММ директоры  
М.Б. Сулейменов

«01» 2022 ж.



КЕЛІСІЛДІ  
Кесілодак үйымының тәрағасы  
Ж.М. Кордабаева

«01» 2022 ж.



**«№6 жалпы білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
2022-2023 оку жылына арналған  
ШКІ ЕҢБЕК ТӘРТІПІНІҢ ЕРЕЖЕСІ**

Қарағанды, 2022

**«№6 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің **ШКІ ЕҢБЕК ТӘРТІБІНІҢ ЕРЕЖЕСІ****

Осы ереже КР «Еңбек кодексіне», Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы «1» маусым №29/05 қаулысымен бекітілген білім беру үйімдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қагидаларына және «Мектеп жарғысына» сай құрастырылған, қызметкерлер мен әкімшілік ішкі еңбек тәртібін анықтайды және мектеп қызметімен байланысты сұрақтарды ретке келтіреді.

Ереже еңбек шартын жасаған барлық қызметкерлерге таратылады.

Қызметкерлердің міндеттері лауазымдық нұсқаулар және еңбек шартымен анықталады.

**Еңбек тәртібін бұзушыларға тәртіптік жазалар мен қоғамдық шаралар қолданылады.**

**1. Мектеп қызметкерлерінің жалпы міндеттері**

**1.1. №6 ЖББМ қызметкерлері міндетті:**

- Мектептің жарғысында, ішкі тәртіп ережесінде және лауазымдық нұсқауларында көрсетілген міндеттерді қатан түрде орындауға;
- еңбек тәртібін сақтау: жұмысқа уақытында келу, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау, жалпы мектеп бойынша өткізіліп жатқан іс-шараларға қатысуға, әкімшіліктің бүйрықтарын уақытында орындауға;
- еңбекті қорғау ережесі мен техникалық қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік-санитарлық талаптар мен өртке қарсы ережелер және алдын-ала ескертілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтауға;
- жұмыс орнының таза және ұқыпты ұстауға, белгіленген материалдық күндылықтар мен құжаттарды ретпен сақтауға;
- оқушылардың білім алуды, өмірі мен денсаулығын сақтауға;
- оқушылардың құқығын құрметтеу және қорғауға;
- кесіби біліктілігін талаптарға сай көтеруге;
- мектептің оқушыларын мектеп мұлкіне ұқыпты қарауға үйретуге, жылу, электр энергияны, су т.б. үнемді қолдануға;
- мектепішілік іс-құжаттарды дер уақытында толтыруға, жүргізуге міндетті (журналдар, күнделік, оқушының үлгерім табелі ).
- мұғалімнің сыртқы келбеті
- медициналық тексерістер туралы нұсқауларды уақытында орындауға.

**1.2. №6 ЖББМ педагог қызметкерлері сабак және қоңырау уақытында оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне толық жауап береді. Оқушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін қалыпсыз жағдайлар, балаларға қатысты төтенше оқиғалар (жарақаттануы т.б.) туралы әкімшілікке дер кезінде хабарлау тиіс.**

Таңертенгі және түстен кейін сабакқа 15 минут қалғанда сыйып жетекшісі оқушыларды қабылдап алады, 1-ші, 2-ші сабакта сабакқа қатыспаған оқушылардың себептерін анықтайды. Сабак сонында сыйып жетекшісі оқушыларды шығарып салады. Белгілі себептермен сыйып жетекшісі болмағанда жағдайда соңғы сабактың пән мұғалімі шығарып салады.

**Оқушыны сабактан шығарып жіберуге және сабак үстінде сыртқы басқа жұмыстарға жіберуге қатаң тыйым салынады.**

Таңертенгілік жаттығуға сынып жетекшісі және 1-ші сабактың пән мұғалімі жауп береді. Қадағалау директордың тәрбие жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

Әкімшіліктің, кезекші мұғалімнің аудиомагнитофон бойынша жаупкершілікті бір-біріне тапсыру уақыты 13.30

1.3. Оқушыларды оку кабинеттерінде қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

1.4. Педагог оқушыларды оку үрдісі аяқталғаннан кейін келесі жағдайларда кабинетте қалдыруына болады:

- сынып сағаттары мен жиналыстар өткізілгенде;
- қоғамдық және сыныптан тыс іс-шаралар өткізу және оған дайындалғанда;
- сынақтар, қосымша сабактар;
- мектепшілік кезекшілікті.

1.5. «Педагог кадрларды аттестаттау туралы» ережеге сай педагогтар бес жылда 1 рет аттестаттаудан өтеді.

1.6. Мектептің әкімшілігі мұғалімнің шығармашылық жұмыстарына қолайлы жағдай жасайды.

## **2. Педагогтар мен қызметкерлердің жұмыс уақыты мен оны қолдануы**

2.1. Мектепте 5 күндік жұмыс аптасы белгіленген, жалпы жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспайды.

2.2. Педагогтардың жүктемесін мектеп директоры әдістемелік бірлестік пен кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша белгілейді. Жүктеменің көлемі оку жылы барысында тұрақты сақталады.

2.3. Штаттық кестеге енгізілген қызметкерлердің жұмыс уақытының ұзақтығы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін 5 күндік оку күні белгіленген. Сонымен бірге, оқушылармен тәрбиелік іс-шаралар (сыныппен театрға бару, дебат, сыныпаралық спорттық сайыстар, мұражайға, кинотеатрға бару, флешмоб, олимпиада, «Жыл сынныбы», «Жыл оқушысы» байқаулары т.б., мұғалімдермен директор жанындағы отырыстар, әдістемелік жұмыстар, ата-аналармен жиналыстар, тренингтер, құқықтық білім беру сабактары, спорттық сайыстар т.б. жүргізіледі. Мектеп 2 аудиомагнитофон басталады. Бірінші аудиомагнитофон сабагы 8.00-де басталады, 6 сабак 13.15-те, 7 сабак 14.05-те аяқталады. Екінші аудиомагнитофон сабагы 14.00-де басталады, 19.15-да аяқталады. Сабак арасындағы ұзілістер 5 минут, 15 минут (СанПин-ге байланысты). Сабактың ұзақтығы 45 минут. Мектептің дайындық топтарының I аудиомагнитофон сабактарының басталуы 9.00, ұзақтығы 30 минут. I-сынып оқушыларының сабактарының басталуы 8.45. Сабактың ұзақтығы I жартыжылдықта 35 минут, II жартыжылдықта 45 минут.

Бірінші аудиомагнитофон сабактар: МДТ, 1,4,8,9,10,11-сыныппар;

Екінші аудиомагнитофон сабактар: 2,3,5,6,7-сыныппар.

2.4. Директордың, оку-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар мен әдістемелік бірлестік жетекшілері, шаруашылық жөніндегі орынбасарлардың жұмыс уақыты күніне 8 сағаттан асуы мүмкін.

2.5. Мұғалімдер сабактың басталуына дейін 15 минут, кезекші мұғалім сабак басталардан 20 минут бұрын келуге міндетті.

2.6. Мұғалімдер коныраумен жұмысқа кіріседі.

**2.7.** Сынып жетекшісі өзіне белгіленген сынып окушыларының қорда бар оку күралдары және ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыруға жауапты.

**2.8.** Мектепте апта сайын кесте бойынша мектепішілік кезекшілік өткізіледі. Кезекшінің міндегі:

- оқуға келмеген окушылар туралы мәлімет жинақтау;
- асханада тамақтануды ұйымдастыруға көмектесу;
- гардеробтың жұмыс реттілігін қамтамасыз ету;
- окушылардың тәртібін бақылау және ескерту жасау;
- белгіленген сынып окушыларының кезекшілігін ұйымдастыру.

**2.9.** Каникул күндері жұмысқа уақытында келмеген жұмыскерлер «жұмысқа шықпаған» болып саналады.

**2.10.** Педагогтарға және басқа да қызметкерлерге тыйым салынады:

- өзінің көзқарасына қарай сабак кестесін, ретін өзгертуге;
- окушыларды кабинетте қараусыз қалдыруға.

**2.11.** Оқу ісінің менгерушісі мұғалімдер мен окушыларға сабак уақыты, реті аудиосы турауды ескертеді.

**2.12.** Мұғалім сырқаттанғанда т.б. жағдайларда әкімшілік мүшелеріне уақытында ескертуге міндettі.

**2.13.** Мектепте бірқалыпты педагогикалық ереже белгіленеді.

**2.14.** Мектепте бірқалыпты педагогикалық тәртіп белгіленеді.

### **3. Сынып жетекшісінің міндегтері**

**3.1.** Мектеп жарғысын қатаң сактау.

**3.2.** Сабак кестесіне және тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес аптастына 1 рет тақырыптық сынып сағатын өткізуге міндettі.

**3.3.** Тәрбие жұмысының бекітілген жоспарына сәйкес сыныппен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарымен айналысады. Жүйелі түрде жылына 4 реттен кем емес сынып ата-аналар жиналышын өткізеді.

**3.4.** Аптастына 1 рет оқушы күнделігін тексеріп, бағалардың қойылуын қадағалайды, ата-анамен байланыс жасайды.

**3.5.** 1-4 сынып мұғалімдері бірінші сабактан соңғы сабакқа дейін және окушылары толық үйлеріне қайтқанға дейін мектепте болуга міндettі.

Осы Ереже бекітілгеннен кейін барлық қызметкерлер тәртіпті орындауға міндettі. Ереже бекітілгенге дейін барлық қызметкерлерге міндettі түрде таныстырылады.

**Осы Ереже №6 ЖББМ ішкі құжаты болып есептеледі.**

## I. Мектептің ішкі тәртіп ережелері

### 1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ МИНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ

Әр окушының табысты оқуын қамтамасыз ету, адамды және оның күкіздігін күрметтеуге тәрбиелеу, тәртіп мәдениетіне және қарым-қатынас дағдысын дамыту.

1.1. Окушылар мектепке сабактың басталуына дейін 10-15 минут бұрын келеді, таза және үқыпты болып журеңді, сыртқы киімдерін гардеробқа тапсырады, аяқ киімдерін ауыстырады, ез жұмыс орындарына барып сабакқа дайындалады.

1.2. Мектеп окушысында оқуға қажетті оку құралдары, оқулыктар, дәлтерлері, құнделігі болуы тиіс. Сабак кестесіне сәйкес окушы үй тапсырмасын орынданап келуге міндетті.

1.3. Мектеп окушысы үлкендерге, мектеп бойынша кезекшілік атқарып жүргендеге сыйластық танытуы қажет, кішігө қамқор болуы тиіс. Окушы үлкендерге, жоғары сынып окушылары кішкентайларға, ұлдар кыздарға жол береді.

1.4. Окушылар мектеп мүлігін сақтайды, жәндеу жұмыстарына белсенді қатысады.

1.5. Окушылар қоғамдық-пайдалы жұмыстарға, мектеп кезекшілігіне, сондай-ақ сенбіліктерге қатысады.

1.6. Сабактан тыс жұмыс жоспарында қарастырылған іс-шаралар болмаса, окушылар барлық сабактан кейін 20 минут ішінде үйге қайтуы қажет.

1.7. Сабактан тыс іс-шаралар, факультатив сабактары, элективтік курстар, спорттық секциялар, қызығушылық бойынша үйрмелер күннің екінші жартысында өткізіледі.

### 2. ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ ҚҰЖАТТАРЫ

- Әр окушының үлті бойынша ресімделген құнделігі болуы керек және мұғалім құнделікті сұраған жағдайда көрсету қажет.
- Окушы алта сайын құнделігін қол қою үшін ата-аналарына беру қажет.
- Корытынды бағалар, сондай-ақ мұғалімдердің ескертулеріне ата-аналар сол күн колдарын қою керек.
- Мұғалім алта сайын окушылардың құнделігіне ағымдагы бағаларын койып, косынғыл ақпарат жазады.

Сабактарды босатқан жағдайда окушы сынып жетекшісіне растайтын құжаттарды көрсету қажет: медициналық анықтама немесе ата-аналардың өтініші. Себебі: жағдайлармен сабакты босатса (отбасылық жағдай, сайыстарға, жарыстарға қатысу) ата-ана өтінішін немесе мектептен тыс үйлемнан құжатты әкелуі қажет.

- Бір алта ішінде окушы 2 күн артық сабакқа қатыспаса және оның растайтын құжаттары жоқ болса, медициналық анықтамасын көрсеткен жағдайда гана сабакқа жіберіледі.
- Сынып жетекшілер мұндай балалардың үйіне міндетті түрде барып, тексеру актін құру қажет.
- Окушы оқу багдарламасын меңгергендегі туралы бағалар мен сынақ нәтижелері табеліне жазылып, окушының жеке бас құжатына тігіледі.

### 3. ОҚУШЫНЫҢ СЫРТҚЫ КИІМ КЕЛБЕТІ

- Окушының сырты киім келбеті эстетикалық нормаларға сай болуы тиіс;  
- 1-11 сынып окушылары орынды киім фомасы болуы тиіс.

Ұлдар: кара кек костюм, азаматтық галстук, бір түсті жейде (ақ, кек түсті), кара кек жилет, ауыстыратын аяқ-киім.

Кыздар: кара кек түсті белдемше (юбка) және оның ұзындығы іскерлік стильді ақ блузка, кара кек жилет, туфли (аласа), бантик. Әшекей бұйымдарын киүгө болмайды.

Дене шыныктыру сабактары үшін спорттық киім қарастырылған:

Дене шынықтыру сабағына еденде сзызқ қалдырмайтын спорт аяқ киімі қажет. Спорт киімі жоқ окушылар дене шынықтыру сабағына жіберілмейді. Сол себептен босатылған сабак себепсіз қалған деп есептеледі. Спортық киімді окушылар тек қана дене тәрбиесі сабағында гана киеді.

#### **4. САБАҚТАҒЫ ОКУШЫНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫ**

- сыныпқа мұғалімнің кіруі кезінде окушылар аманасады, мұғалім окушылармен салемдесіп болғаннан кейін рұқсат беріліп окушылар отырады. Окушылар сыныпқа кірген әр бір үлкен адаммен аманасады, сабак кезінде орындарынан тұрады.
- әр бір мұғалім сабак өткізгендегі КР-ның заңдарына, нормативтік құжаттар мен мектел ережесіне қарама-қайшы келмейтіндегі өз пәндері бойынша арнайы ережені анықтайды.
- сабак барысында шулауга болмайды, бөгде әңгімелесулер арқылы өзі және басқаларды онындармен және тағы да басқа сабакқа қатыссыз істермен аландатуға болмайды. Оку уақыты тек қана оку мақсаттарына қолданылуы тиіс.
- сабак барысында окушыға шығу керек болған жағдайда қолыň көтеріп мұғалімнің рұқсатымен шығады.
- егер де окушы сұрап қойғысы келсе немесе мұғалімнің сұрағына жауап бергісі келсе қолын көтереді. Мұғалім сабактың аяқталғаны туралы хабарлаган кезде, қонырау соғылғаннан кейін сыныптан шыға алады.

#### **5. ҮЗІЛСТЕ ЖӘНЕ САБАҚТАН КЕЙІНГІ ТӘРТІПТЕРІ**

**Үзіліс барысындағы окушының міндеті:**

- жұмыс орнын тәртіпке және тазалыққа келтіру;
- сыныптан шығу;
- сыныпты желдету;

**Сыныптағы кезекші:**

- үзіліс кезінде сыныпта болады;
- сыныптағы тәртіпті қамтамасыз етеді, тақтаны, борлы дайындауды;
- мұғалімге келесі сабакқа дайындалуға көмектеседі;
- сабак алқаталғаннан кейін сыныпты жинастырады.

#### **6. АСХАНАДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТӘРТІБІ**

- окушылар ыстық және сүйық тамақты алу және қолдану барысында ұқыпты және сак болуы қажет;
- окушылар асханадағы тамақ пен сусынды қолданады;
- окушылар ианды және тағы да басқа тағам азықтарын лактыруға болмайды;
- окушылар өз ыдыстарын жинастырады;
- окушылар асханадағы тағамды және жемістерді гана қолдана алады.

#### **7. МЕКТЕП ОКУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ:**

- өзінің және өз отбасының абырайын құрметтеу;
- тегін жалпы білім алу (мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта білім);
- Жоғары сынып кеңесінде сайлау және сайлану (9-11 сыныптар),
- денсаулық сактау технологиясы бойынша білім алу;
- өз білімін жетілдіру үшін жағдай құру;
- косымша білім қызметтерін алу (оның ішінде ақылы);
- мектеп жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар мен сыйни ескертулар енгізу (оның ішінде заңды бастамалар), жұмыстагы кемшіліктерді жою;
- лауазымдық тұлғалар немесе окушылар тарапынан окушылар құқығын бұзган жөнінде басқару кеңесіне, мектеп әкімшілігіне шағымдар және өтініш ету;
- оку жоспарларында қарастырылмаған іс-шараларға бару;
- тегін медициналық көмек алу және білім алу мақсатымен кітапхана корымен, интернетпен жұмыс жасау;

- алтасына берілетін 1 демалыс күні сондай-ақ, жыл сайынғы күзгі, қыскы, көктемгі және жазғы демалыс күндері демалу;
- күш көрсетуден және психологиялық зорлық-зомбылыктан қорғану;
- білім және оқыту барысы туралы құжаттарды алуға.

## **8. МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНА РҮКСАТ БЕРІЛМЕЙДІ:**

- сабакқа кешігіп келуге; сондай-ақ сабактарды себесіз босатуға;
- дәлізде, баспалдақта тағы да басқа жерлерде ойнап, жүгіруге;
- терезені ашуға, батареяға және терезенің үстіне отыруға, себебі бұл оқушылардың емірі мен денсаулықтарына қауіпті болып келеді;
- оку күралдарымен және мектеп сөмкесін лактырып ойнауга;
- әдепсіз сөздер айтуга, күш көрсетуге;
- оку барысында мед.қызметкердің, сынып жетекшінін немесе мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз мектептен қетуге;
- мұғалімнің рұқсатынсыз бір орыннан екінші орынга аусынға;
- сабак және емтихан барысында мектеп дәлізінде шулауға;
- бастауыш сынып оқушыларын немесе сыныптастарын кемсітуге, қорлық көрсетуге; әлімжеттік жасауға;
- мектепке және мектеп аумағына түрлі максатпен және түрлі амалмен кару-жақсты, жарылғыш немесе өртепгіш заттарды қолдануға;
- нашақор, тағы да басқа есендірететін заттарды, уландырғыш заттарды қолдануға және әкелуге;
- мектепке қымбат аппараттарды, бейнеплеерлерді, сондай-ақ қымбат металлдан және тастардан жасалған зергерлік бүйімдарды тасуға, бөгде адамдардың заттарын рұқсаттанға алуға, үйден алып кету немесе тығып қоюға;
- сабак уақытында ұялы телефон ұстауга;
- мектептің ішінде сыртқы киіммен жүргүре;
- сыртқы киімдердің қалталарында ақша, кілт, ұялы телефон, жол жүру билет және басқа құнды заттарды қалдыруға болмайды.
- интернеттегі рұқсат етілмейтін сайттарға кіруге болмайды.
- Сыныптағы компьютерге, моноблоктарға мұғалімнің рұқсатынсыз тисуге болмайды. мұғалімнің рұқсатынсыз құрал-жабдықтарды орнынан қозгауға, сымдарға, розеткаларға, штепсельдің айрына, штекерге тиісуге тыйым салынады.

Сабактан тыс уақытта жұмыс жоспарында қарастырылған іс-шаралар болмаса, оқушылар барлық сабактан кейін 15-20 минут ішінде үйге қайту қажет. Сабактан тыс іс-шаралар, факультативтік сабактар, қолданбалы курстар сабак соңында, спорттық секциялар, қызыгуышылық бойынша үйрмелер белгіленген уақыт, кесте бойынша өткізіледі.

**Жоғарыда аталған ережелерді орындамаған жағдайда келесі іс-әрекеттер қабылданады:**

- Ата-аналарға хабарлау;
- Ата-аналарды мектепке шақырту;
- Әкімшілік кенеске шақырту;
- Педагогикалық кенеске шақырту;
- Оқушыны құқық бұзушылық пен бақылаусыздықтың алдын алу профилактикасы кенесіне шақырту;
- Жүйелі тәртіпсіздік болған жағдайда - мектепішлік есепке кою.

## **II. АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

1. Мектепттің қоғамдық еміріне катысуга;
2. Ата-аналар комитетінің мүшесі болуға құқылы.

3. «Білім туралы» Занда, отбасы кодексінде, мектеп Жарғысында сонымен катар, басқада нормативті – құқықты актілерде көрсетілген ата-аналар міндеттерін орындауга міндетті.
4. Ата-аналар комитетінің іс-шараларына катысын, мектеп әкімшілігі және педагогикалық үзіліммен бірігіп жұмыс жүргізу;
5. Баласының сабакқа кешікпеуін, сабактан себепсіз қалмауын қадағалауға;
6. Мектеп жарғысына сәйкес оқушының мектеп формасын сақтауын қадағалауға;
7. Баланың сабактан тыс іс шараларға үйірме және секцияларға, мектепшілік олимпиадаларға, жарыстарға катысуын бақылауға алуға;
8. Оқушының окулықты ұқыпты ұстаудың қадағалауға;
9. Егер бала мектеп мүлкін бүлдірсе (оку-зертханалық және басқа жабдықты бүлдірсе, оқулығын жоғалтса және т.б.) көрсетілген шығынды белгіленген тәртіпке сәйкес қалпына келтіруге;
10. Баланы сабактан бос уақытында және демалыс кездерінде, қараусыз жіберіп, тәртіпсіздік жасаудың жол бермеуге, баланың уақытын ұнемді, мақсатты пайдалануын ұйымдастыруға;
11. Баланың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жүруіне, денсаулыққа байланысты зиянды заттарды пайдаланбаудың қадағалауға;
12. Ата-аналарға арналған іс-шараларға, ата-аналар жиналышына белсене катысуга;
13. Балага қоғамдық жерлерде журу тәртібін үйретуге;
14. Балаға сағат 20.00- дең бастап, далада жүруіне тыйым салуға;
15. Балаға патриоттық, рухани адамгершіліктік тәрбие беруге;
16. Баланың салауатты өмір салтына сәйкес өмір сүруіне жағдай жасауға;
17. Баланы кез-келген діни, басқа да жағымсыз әсер етегін ұйымдардан қорғаудың міндетті.

## 1.АТА-АНАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН МЕКТЕПТІҢ ИШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

1. Эр ата-ана және оқушы мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуга міндетті.
2. Ата-ана баласының сабактан кешікпеуін, сабактан себепсіз қалмауын қадағалауы тиіс. Егер де оқушы сабактан себепті қалатын болса, оны аныктамамен дәлелдеуі тиіс.
3. Ата-ана баласын мектеп формасымен, екінші аяқ киіммен, қажетті оку-құралдарымен толық қамтамасыз етуге жауапты.
4. Оқушыны демалыс кезінде мектептің жоспары бойынша ұйымдастырылған іс-шараларға катыстыруы тиіс.
5. Мектептегі іс-шараларға 4 жасқа толмаған балаларды әкелуге тыйым салынады.
6. Сабак уақытында сынып жетекшісінің уақытын бөлуге тыйым салынады.
7. Сынып жетекшісімен алдын ала келісім бойынша, сабактан бос уақытта кездесуге болады.
8. Мектеп әкімшілігімен кездесу үшін кезекші мұғалімге вахтерге өзінің аты-жөнін айтып, тек жазылу арқылы кіргізіледі. Сұрап туган жағдайда, алдымен, сынып жетекшісі, директордың оку-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектепшілік ата-аналар комитетінің мүшелерімен талқылауы тиіс.
9. Оқушылардың ұялы телефондары және басқа да бағалы заттары жоғалса, мұғалім және мектеп әкімшілігі оған жауап бермейді.
10. Мектеп ауласына велосипедден, роликпен, мектеп ішіне балаларға арналған бесік арбамен (колоискамен) кіруге тыйым салынады.
11. Интернеттегі рұқсат етілмейтін сайttарға кіруге оқушыларға рұқсат етілмейді.

Мектептегі қампейзлік техникасының ережелерін сактау туралы

Мұғалімдердің оқушылармен жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін сипаттау және оқушыларға ескертү

1. Үзіліс кезінде окушы мектептің ішінде окушының қауіпсіздігі үшін тым салынған (мектептің төбесі, подвал т.б.) жерлерде журуге болмайды.
  2. Зертханалық және сармандақ жұмыстар журғізілетін кабинеттерде (физика, химия, биология т.б.) окушылар қауіпсіздік ережелерімен таныстырылып, мұғалімнің рұқсатынсыз зер заттарының құрылғыларына тиіспеуді ескерту.
  3. Шеберхана, үй шаруашылығы, денешынықтыру сабактарында қауіпсізlik ережелерімен күнделікті сабакта окушыларға таныстырылып қадағалау.
  3. Үзіліс кезінде окушыларға әкімшілктің және сынып жетекшілердің рұқсатынсыз мектеп ауласына шығуға болмайды.
  4. Үзіліс кезінде окушыларға бірін- бірі итеруге, күш қолдануға болмайды.
  5. Терезе жактауда отыруға, өз бетімен терезені ашуға катан тым салынады.
  6. Үзіліс кезінде окушылар баспалдақпен , ойынға арналмаган жерлерде жуғоруге болмайды;
  7. Мектепке денсаулыққа зиянды, жантыш, өткір, кескіш заттарды, газ баллондарын ақелуге болмайтындығын окушыға ескерту.
  8. Окушыны сабак үстінде сыныптан шығарып жіберуге болмайды.
  9. Сыныптағы компьютерге, моноблоктарға мұғалімнің рұқсатынсыз тисуғе болмайды, мұғалімнің рұқсатынсыз қурал-жабдықтарды орнынан қозгауга, сымдарға, розеткаларға, штепсельдің айрына, штекерге тиісуге тыйым салынады. ДК-де жұмыс істеуді бастау алдында, жұмыс кезіндегі, жұмысты аяқтау кезіндегі қауіпсіздік талалтары каталасын.
  10. Мұғалімнің рұқсатынсыз сыныпқа кіруге және сыныптан шығуға болмайды